# SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

№29 (9007)

СӘРСЕНБІ
20 сәуір, 2022 жыл


## Қазақстандағы зейнетақының орташа мөлшері белгіленді

**Жыл басынан бері қазақстандықтарға 704,9 млрд теңгеден астам сомаға зейнетақы төленді. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады, деп жазады Egemen.kz**

«1 наурыздағы жағдай бойынша қазақстандықтарға 704,9 млрд теңгеден астам сомаға зейнетақы төленді. 2022 жылғы наурызда республикалық бюджеттен зейнетақы төлемдеріне 234,8 млрд теңгеден астам, оның ішінде базалық зейнетақыны төлеуге – 71,4 млрд теңге, ынтымақты зейнетақыны төлеуге – 163,4 млрд теңге бағытталды», делінген ведомство хабарламасында.

Министрлікте нақтылағандай, 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша зейнеткерлер саны 2 млн 245,6 мың адамды құрады.

«2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері (базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) 105 344 теңгеге жетті», деп қосты ҚР ЕХӘҚМ баспасөз қызметі.



## Президент Қазақстанның Қытайдағы елшісін қабылдады

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның ҚХР-дағы жаңадан тағайындалған елшісі Шахрат Нұрышевты қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz**

Кездесуде Президент Қытай Халық Республикасымен арадағы жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту мәселесіне назар аударды.

Жоғары деңгейдегі келісімдерді, соның ішінде Мемлекет басшысының биылғы ақпан айында Пекинге жасаған сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру қажет екеніне баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-транзиттік ықпалдастықты, экономиканың маңызды секторларындағы серпінді инвестициялық жобаларды дамытудың, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы байланыстарды нығайтудың маңызды екенін айтты.

Халықаралық және өңірлік деңгейдегі, соның ішінде ШЫҰ, АӨСШК алаңдарындағы байланыстарды нығайту мәселелері де жаңадан тағайындалған елшінің жұмысындағы маңызды бағыттардың қатарына қосылды.

## Қазақстандықтар саны көбейді

**2022 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ел халқының саны 19 млн 160 мың 700 адамды құрады, оның ішінде қалалық – 11 млн 405 мың (59,5%), ауылдық - 7 млн 755,7 мың (40,5%) адам, деп хабарлайды Egemen.kz**



Ұлттық статистика бюросының ақпараты бойынша, 2021 жылдың 1 наурызымен салыстырғанда халық саны 243,5 мың адамға немесе 1,3%-ға өсті.

Бұл ретте әйелдер- 51,4%-ды, ерлер - 48,6%-ды құрайды.

«2022 жылғы қаңтар-ақпанда республика халқының табиғи өсімі 2021 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда (42,1 мың адам) 15,1%-ға төмендеп, 35,7 мың адамды құрады. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 11,50 адамды құрады», делінген Ұлттық статистика бюросының деректерінде.

АХАТ органдарының деректері бойынша 2022 жылғы қаңтар-ақпанда туылғандар саны 62,8 мың адамды құрады, бұл 2021 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 4,5%-ға аз (65,7 мың адам).

Қайтыс болғандардың саны 27,1 мың адамды құрады, бұл 2021 жылғы қаңтар-ақпанға (23,7 мың адам) қарағанда 14,4%-ға артық. Өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға 8,70 өлімді құрады.

Сонымен қатар жыл басынан бастап екі айда 1 жасқа дейінгі 537 шетінеген нәресте тіркелді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (517 сәби қайтыс болған) балалар өлімі 3,9%-ға артты. Нәрестелер өлімінің коэффициенті 1000 туылғанға 8,55 жағдайды құрады.

***«Егемен Қазақстан» газетінен.***

## «7-20-25» бағдарламасымен 42 мыңнан астам қазақстандық үйлі болды

**Қазақстанда «7-20-25» тұрғын үй ипотекалық бағдарламасын іске асыру жалғасып келеді. Ипотекалық бағдарлама белгіленген лимит – 1 триллион теңгеге жеткенге дейін жұмыс істемек, деп хабарлайды Egemen.kz**



Бүгінгі таңда жоспарланған 1 триллион теңгенің 534 миллиард теңгесі берілді. Демек, «7-20-25» бағдарламасының әлі 466 миллиард теңге резерві бар.

«Қазақстанның тұрақты даму қоры» АҚ баспасөз қызметінің мәліметінше, «7-20-25» бағдарламасы бастапқы, пайдалануға берілген тұрғын үйді сатып алуға ғана несие береді. Ең көп ипотекалық қарыз Нұр-Сұлтан қаласында берілді. 212,2 млрд теңге сомасына 14 232 кредит. Алматыда - 127,5 млрд теңге сомасына 8 912 кредит, Шымкентте – 33 млрд теңге сомасына 2 843 кредит берілді.

Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, азаматтардың көпшілігі ақшаны үнемдеу үшін және таңдау көп болғандықтан құрылысы аяқталмаған тұрғын үйді брондауды қалайды.

«Осы тұста өте мұқият болу керек. Кейбір құрылыс компаниялары сатып алушылардың ақшасын жинап алу мақсатында Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңының талаптарына сәйкес келмейтін тұрғын үй сатып алудың әртүрлі схемаларын ұсынады. Тұрғын үй сатып алудың бұл жолында ақша жоғалту қаупі бар. Осыған байланысты, азаматтардан әр қадамын таразылап барып қана, шешім қабылдауын сұраймыз», делінген хабарламада.

Ипотекалық бағдарламаның талаптарында баға лимиті белгіленген. Сатып алынатын тұрғын үйдің бағасы Нұр-Сұлтан, Алматы (қала маңы аймақтарын қоса алғанда), Ақтау, Атырау және Шымкент қалаларында 25 миллион теңгеден, Қарағанды қаласында 20 млн теңгеден және қалған өңірлерде 15 млн теңгеден аспауы тиіс.

«7-20-25» бағдарламасы халықтың барлық санаттарына арналған. Атында тұрғын үйі жоқ, басқа ипотекалық несиелері жоқ, еңбек және/немесе кәсіпкерлік қызметтен ресми түрде расталған кірісі бар елдің кез келген азаматы ипотека ала алады.

***Барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аудара отырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін.***

***Қ.К.ТОҚАЕВ,***
***Қазақстан Республикасының Президенті.***




# Аудан әкімі есептік кездесу жиындарын өткізді

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Созақ ауданының әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков өткен аптада яғни 14 сәуір күні аудан тұрғындарымен есепті кездесуін бастады. Кездесу алдымен шалғай жатқан Шу, Тасты ауылдық округтерінен бастау алды. Шу ауылының тұрғындарымен өткен кездесуде ауданымыздың 2021 жылы әлеуметтік-экономикалық дамуы мен инженерлік-инфрақұрылыммен қамтылуы туралы бейне фильм көрсетілді. Жиынды аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев ашып, жүргізіп отырды. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы осы жылғы жоспарларды мәлімдеді. Жиынға барлық мекеме, бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, жергілікті БАҚ өкілдері қатысты.

Шу ауылында 500-ден аса тұрғын қоныстанған. Шалғай орналасқан ауылдың өзекті мәселесі – мал жайылымына құдық қазу. Аудан басшысы тұрғындар талабын орындау үшін демеуші тартатынын айтты. Сондай-ақ, жыл басында ауыл тұрғындары тарапынан көтерілген электр желісі мәселесі шешімін тапқан. Кездесу соңында аудан әкімі тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді. Тұрғындар тарапынан қайтарымсыз грант алу, жайылымдық жер, жұмыспен қамту мәселелері көтерілді. Көтерілген бірқатар мәселелер сол жерде шешімін тапты. Аудан әкімі тиісті бөлімдерге тапсырма беріп, қалған басқа да мәселелер өзінің тікелей бақылауында болатынын айтты.

Сонымен қатар, Шу ауылының тұрғындарының негізгі сұрап отырған Шу өзенінің ауылға келуі мәселесі жайында аудан әкімі тиісті су қоймасы басшыларымен сөйлесіп, суды жіберу уақытын создырғанын мәлімдеді. Дегенмен, елде жылдан жылға су қоры азайыңқырап, құрғақшылық белең алып бара жатқандығы жасырын емес екенін айтты. Жиын аяқталған соң аудан әкімі Шу өзені арнасын арнайы барып көріп, судың қай жерге келгенін бақылап қайтты. Бүгінгі таңда бұл басты мәселелердің бірі болып отырғандығын айтып, Шу өзені суының тиісті деңгейде елге жетуі жөніндегі жұмыстар бақылауда екендігін тілге тиек етті.

Түс ауа, аудан әкімі Тасты ауылында болып, тұрғындармен кездесті. Кездесу жиынында атқарылған жұмыстар баяндалды. Тұрғындар тарапынан сұрақтар қойылып, әрбіріне аудан басшысы тиянақты жауаптар берді. Тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Аудан әкімі бөлімдерге тұрғындармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауды тапсырды.

15 сәуір күні аудан басшысы Мұхит Тұрысбековтің халықпен кездесуі жалғасты. Арнайы бекітілген жоспарға сәйкес Қыземшек кенті мен Жуантөбе ауылдық округінде кезекті жиын өтті. Жиынды аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев ашып, жүргізіп отырды.

Қыземшек кентінде өткен жиында да ауданымыздың 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің қорытындысы туралы бейне фильм көрсетіліп, тұрғындар алдында аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы 2022 жылы атқарылатын жұмыстарды баяндады.

Кент тұрғындары тарапынан жұмыспен қамту, тұрғын үй, кент ішінде көше жолын салу, қоқыс жинайтын көлік, жедел-жәрдем, аудандық орталық аурухананың науқастарды тиісінше қабылдауын ретке келтіру, көркейту-көгалдандыру мәселелері қозғалды. Аталған мәселелер бойынша аудан әкімі нақты жауаптар қайтарып, кейбір мәселелердің шешімін сол жиын үстінде тауып, басқа мәселелер бақылауда болатындығын айтты. Тиісті мекеме, бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді. Сонымен қатар, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қыземшек кентіндегі мәдениет үйін аралады. Ондағы спорттық үйірмелердің жәйімен танысты. Футбол алаңшасында болды. Мәдениет үйіне жөндеу жұмыстары жүргізілетінін мәлімдеді. Сондай-ақ, тиісті бөлім басшыларына спорттық нысандардың жұмысын қадағалауды тапсырды.

Осы күні түс қайта Жуантөбе ауылында аудан әкімінің жергілікті тұрғындармен кездесу жиыны өтті. Жиында аудан әкімі атқарылған және алдағы уақытта атқарылуға тиіс жұмыстармен тұрғындарды таныстырып шықты. Тұрғындар тарапынан мектеп маңына жаяу жүргіншілер жолын салу, мал жайылымы мәселесі сөз болды.



Мұхит Тұрысбеков ауыл тұрғындарының қойған сұрақтарына жауап беріп, көтерілген мәселелердің шешу жолдары мен орындалу мезгілін айтып, кезең-кезеңімен шешімін табатынын жеткізді.

Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы барлық ауылдық округтерде өткен жиындарда көтерілген мәселелер тиісті шешімдерін табатындығын айтып, тұрғындарға түсіністікпен және сабырмен қарауды айтты. Алдағы уақытта жиындарда айтылған ұсыныс-пікірлер, сауалдардың барлығы да бақылауда болып, осы мәселелер төңірегінде жұмыстар жүргізілетіндігін атап өтті.

Кездесу барысында аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев көтерілген мәселелердің барлығы да өзекті екенін, бәрі де ретімен жүзеге асатынын, жиында айтылған ұсыныс-пікірлер бойынша хаттама түзілгенін, алдағы уақытта жоспар түзіліп, ол бойынша атқарылған жұмыстар әлеуметтік желілерде жарияланатынын түсіндіріп, жиынды қорытындылады.

Арнайы жоспарға сәйкес аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбековтың аудан халқына есеп беру кездесу жиыны басқа да ауылдық округтерде жалғасын табады.

***Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.***





# Іс-қимыл әрекетке бастайды

«AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес отырысы өтті.

Аудандық партия филиалының ғимаратында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес отырысы болып өтті. Қоғамдық кеңес төрайымы ретінде отырыс басында кеңес құрамына жаңадан қосылған мүшелерді таныстырып өтіп, кеңестің мақсаты бойынша – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізінде құрылған кеңестің жұмысына кеңінен тоқталып, мемлекеттік билік органдарында, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік саясатты жетілдіруге, жемқорлықты тудырушы себептер мен жағдайларды жою туралы хабарлама жасап, кеңес хатшысын сайладық. Сонымен қатар, кеңестің алдағы отырыстарында қаралатын мәселелермен, бөлімдер жұмысына тоқталдық. Жұмыс жоспары талқыланды. Кеңес мүшелері өз ойларын, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

***Нұржамал МАЙУСОВА,***
***«AMANAT» партиясы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл кеңесінің төрайымы.***

# Ауыл әкімі есеп берді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлығына сәйкес, I-тоқсанның қорытындысы бойынша Шу ауылдық округі әкімі Досымбеков Данияр биылғы жылдың бірінші тоқсанында атқарылған жұмыстары туралы есеп берді. Шу ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бюджет кірісінің жоспары бойынша I-тоқсанда қаралған қаражат игеріліп, 100 пайызға орындалған. Ауыл көлемінде 4 сауда дүкені халыққа қызмет көрсетуде. Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қ.Мейрмановтың 10.01.2021 жылғы №3 хатында көрсетілген «Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдай бойынша №724 жарлығына сәйкес, облыс әкімінің және облыста бекітілген комендanttтың тапсырмасына сәйкес, ауылдық округінде орналасқан сауда дүкен егелерімен тығыз қатынаста жұмыстар жасалып, азық-түлік бағасына күнделікті мониторинг жасалынып, тиісті орынға ұсынылып отырады. Шу ауылында барлығы 105 үй, яғни 121 отбасы тұрады. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алған отбасылар -10. Қайтарымсыз несие алуға 1 азаматша құжат өткізіп қойған.

«КАТКО» БК ЖШС-нің демеушілігімен жылдық жоспар бойынша 8 наурыз «Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай Батыр ана, Алтын және Күміс алқалы, қарт аналар барлығы 64 аналарға дастархан мәзірі жасалып, сый-сияпат жасалып, мерекелік іс-шара өткізілді. 22 наурыз «Ұлыстың Ұлы күні мерекесін атап өту 300 мың теңге ақшалай қаралып, түрлі спорттық жарыстарға жаралды. Халықты жұмыспен қамту бойынша Шу ауылдық округінде экономикалық белсенді халық -278, 2022 жылы ресми тіркелген жұмыссыздар саны-15 болса, жұмысқа орналасқаны-10, Қоғамдық жұмысқа тартылғаны - 15 адам. Грантқа 2 адам құжат тапсырды.

Көгалдандыру, көріктендіру, тазалық бойынша бұл бағытта аудан әкімінің орынбасары Б.Әлмағанбеттің жыл басымен бекітілген Созақ ауданы бойынша көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалау жөнінде 2022 жылдың наурыз-қазан айларында атқарылатын жұмыстардың іс-шара жоспарларына сәйкес, ауылдық округте жұмыстар өз дәрежесінде атқарылып отыр,- дейді ауыл әкімі. Атап айтсақ:

Көше бойларын тазалау жоспар бойынша жалпы көше 9 шақырым және балалар алаңшасы мен спорт алаңшалары тазаланды. Үй қасбеттері мен ағаштар алдағы уақытта әктелетін болады. Осы уақытқа дейін 3 сенбілік өз дәрежесінде өткізілді. Қоғамдық жұмысқа тартылған азаматтар күнделікті ауыл ішіне тазалық жұмыстарын сәуір айынан бастап кетті. Ауыз су мәселесі бойынша Шу ауылдық округі бойынша 1 елді мекеннің 104 ауыз су құбыры жүргізілген. Ауыз су тәулігіне 24 сағат берілуде. Су есептегіш құралдары толығымен орнатылған. Су құбыры бұзылған жағдайда, дер уақытысында жөнделіп отырып, халықты ауыз сумен қамтамасыз етіліп отырады. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, су құбыры бұзылған жағдайда, дер уақытысында жөнделіп, халықты ауыз сумен қамтамасыз етіп отырады деді өз есебінде ауыл әкімі.

# КӨШЕ ТАЗАЛЫҒЫ- көктем мерекесіне тарту

Көктемнің қоңыр желі ескелі бері яғни, ақпан айының соңғы күндері, наурыз айының бірінші күндерінен бастап ауданда тазалық жұмыстары алдымен қолға алынған іс болды. Аудан басшысы өзінің тырнақалды алғашқы жұмысын ауыл сыртындағы қоқыс алаңын тазалаудан бастады. Одан кейін аудан әкімдігінде көркейту-көгалдандыру, сантитарлық тазалық жұмыстарына қатысты бірнеше мәрте тазалық жөнінде мекеме, бөлім басшыларының басын қосқан жиындары өтті. Онда мекеме, бөлім басшыларына Шолаққорған ауылының ішкі көшелеріне бекітіп, нақты жүйелі тапсырмалар берді. Шолаққорған ауылындағы мәдениет үйінде «AMANAT» партиясының аудандық филиалы жанынан құрылған «Парасат» пікірталас клубының алғашқы отырысы өтті. Онда да осы тазалық жұмыстары күн тәртібінен көрінді. Одан бері де барша аудан жұртшылығы аудан аумағында өткен "Таза ауыл" экоакциясына қатысуға шақырған үндеу жарияланды.

Әрине, әрбір созақтықтар өзі тұрып жатқан мекеннің, көшесінің тазалығына деген жауапкершілігін сезініп, жанашырлық танытып, айналасын тазалап, сенбіліктерге белсене қатысса, әрбір ауыл, аула, көше таза да көрікті болары сөзсіз!

«Әрбір тұрғын өз аулаңыз бен көшеңіздің тазалығын қамтамасыз ету арқылы көктемді жаңа көрікпен қарсы алуына үлестеріңізді қоса аласыздар!

Эко-акция аясында ауыл кент округтерде ағаштар отырғызу, үйлердің қасбеттерін сырлау, арық-атыздарды тазалау шараларын ұйымдастырылды.

«Тазалық – ортақ іс» деген ұстаныммен барлықтарыңыз туған жеріміздің тазалығына үлес қосады деп сенеміз!



Аудан әкімдігі аппаратының жиынында: - Аудан аумағында «Таза ауыл» эко- акциясы сәуірдің соңына дейін жалғасады. Ауыл-аймақ реттеліп қалды. Қазір тұрғындар алғысын білдіріп жатыр. Өткен айда сенбілікке шығып ауыл тазалығына үлес қосқан барлық қызметкерлерге алғысымды білдіремін. Көктемнің осы айын да тиімді пайдаланып, барлық ауыл округтерде талдарды ақтап, тазалық жұмысын жүргіземіз. Эко-акция сәуір айының соңына дейін жалғасады,- деді Мұхит Тұрысбеков.

Аппарат мәжілісінде көктемгі дала жұмыстарының барысы туралы аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов хабарлама жасады. Сондай-ақ, Шолаққорған ауыл округ әкімі Әділ Елібаев сектор бойынша атқарылған көркейту-көгалдандыру жұмыстарына тоқталды.

Аппарат мәжілісіне аудан әкімінің орынбасарлары мен аудан әкімі аппаратының басшысы, бөлім, мекеме басшылары қатысты.

***Мақсат ҚАРҒАБАЙ.***

# Байыпты бастамалары қуантады

Тасты ауылы тұрғындарының қатысуымен ауылдық округі әкімі М.Тлеулиновтың 2022 жылғы 3 айда атқарылған жұмыстары жайлы есебі тыңдалды. Тасты ауылдық округі аудан ішіндегі көлемі жағынан, елді мекендердің саны мен ара қашықтықтары жағынан алшақ әкімшіліктің бірі болып саналады. Екі елді мекеннен тұрады, әкімшілік орталығы – Тасты ауылы.

- Алдымен айтарымыз ауылда Мәдениет үйін салу мақсатында аудандық Құрылыс бөлімінде құжаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда корректировкасы жасалуда. Әкімшіліктің алдынан кіреберіс аркаға дейін аяқ жол салынса – Жобалық сметалық құжаттамасы (ЖСҚ) әзірленген. Аудандық бюджеттік комиссияға ұсынылды. Шу өзенінің көпірін жөндеп берсе, қазіргі таңда иесіз мүлік ретінде танылып, округ әкімшілігінің меншігіне алынды. Мемлекеттік актісі жасалынып, техникалық төлқұжаты жасалуда.

Ескі «Абай» мектебі апатты жағдайда болуына байланысты бұзылса – толықтай бұзу жөнінде шешімі шықты. Сәуір айында бұзылады. Ауылда жұмыссыздық мәселесі қолға алынып, ауыл жастары өндіріс орындарына жұмысқа орналастырылса – Жұмыссыз азаматтардың тізімі жасалынып, Созақ аудандық жұмыспен қамту орталығына және "Катко" БК ЖШС-не азаматтардың тізімі жолданды. Қазіргі таңда "Катко" өндіріс орнына 2 азамат жұмысқа орналасты. «САС Казахстан» ірі кәсіпорнына және «Қорған» күзет компаниясына жұмыссыз азаматтарды жұмысқа қабылдау жүргізілуде. Бұл жөнінде әлеуметтік желілерге толықтай хабарлама жұмыстары жүргізілді.

Ауылға жедел жәрдем көлігінің қажеттілігі ескеріліп, Созақ аудандық емхана басшысына хабарланып, алайда аудан орталығына «КазАтомПром» компаниясының демеушілігімен 1 жедел жәрдем көлігі Тасты-Шу ауылдық округіне берілетін болды. «Қазақстан» көшесін аркаға дейін жарықтандыру бойынша Жобалық сметалық құжаттамасы (ЖСҚ) әзірленген. Катко БК ЖШС-і қысқы жайылымға баратын жолды Грейдер техникасымен жолды біршама ретке келтірілген,- дейді ауыл әкімі өз есебінде.

# Өзекті мәселелер назарға алынды

Қыземшек кентінің әкімі Ержан Толеугалиевич Жұмабаевтың 8 сәуір 2022 жылы Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлығына сай, Тайқоңыр елді мекенінде, 2022 жылдың I тоқсанында атқарылған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі өтті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жиналысты кент әкімі Е.Жұмабаев ашып, жүргізіп 2022 жылдың I-тоқсанында атқарылған жұмыстар және алда тұрған міндеттер туралы шағын хабарлама жасап өтті. Ержан Жұмабаев өз хабарламасында салалар бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасай келіп, жіберілген кемшіліктерді талдап, оның себептеріне тоқталды. Сонымен қатар, алда тұрған мәселелерге халықтың назарын аударды.

Есепті жиында ауыл тұрғындары Маханов Бахыт Камашович Тайқоңыр елді-мекенінен жедел-жәрдем бекетін салу туралы және еңбекке жарамсыз қағазын алу қиынға түсетіндігі жайлы айтса, Әбдіраев Ерайдар Дәрібайұлы Тайқоңыр елді мекенінің ірі қара малдарына су ішетін артезиан қажет екендігін айтты.

Жиналысты кент әкімі Е.Жұмабаев қорытындылап, жиын барасында қойылған сұрақтарға байланысты, сәйкесінше тиісті жауаптар айтып, түсіндіріп өтті.

Жиын соңында Тайқоңыр елді мекенінің ақсақалдары мен кент тұрғындары кент әкімі Ержан Жұмабаевқа алдағы уақытта атқаратын жұмыстарына сәттілік тілеп, ауыл тұрғындарына бірге ынтымақта жұмыла жұмыс жасауға шақырды.

***«Созақ үні»-ақпарат»***

# Діннің қоғам өміріндегі рөлі

Діннің адамдарды біріктіру, қоғам мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты реттеу, саяси жағдайды тұрақтандыру сияқты әлеуметтік құбылыстардағы орны ерекше. Біз мұны күнделікті өмірде көріп жүрміз. Біздің ұлтымызға өзіндік нақыш пен бояу беріп тұрған тарихи және мәдени қалыптасқан дәстүрлі Исламның да қоғам өміріндегі орны айрықша.

Әсіресе, полиэтносты Қазақстан халқы үшін исламның рухани әлеуеті мен құндылықтары ұлтаралық татулық пен діннаралық келісім мәдебен заңдарымызға кереғар келетін, үйлеспейтін діни көзқарастары өмірлік қағидалары мен өлшемдеріне айналған азаматтардың радикалды бағыттағы талғамсыз талаптілектері ойландырмай қоймайды. Бұл жағдай мемлекет пен діннің қарым-қатынасын реттеуге, зайырлылық ұстанымдарын нақтылауға, оны терең ұғындыруға сергек қарауды талап етеді. Сондай-ақ діннің қоғам өміріндегі ықпалы барынша ескеріле отырып, мемлекеттің дін саласына қатысты ұстанымдарының басты ерекшеліктері қоғамдық ның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», деп атап көрсетілгенін назарға алатын болсақ, бұдан біз азаматтарымыздың өзі қалаған дінді тұтынуы оның конституциялық құқы болып табылатынын ұғамыз. Алайда дінді ұстанушы жекелеген тұлғалардың, сондай-ақ діни бірлестіктердің іс-әрекеттері мемлекет заңдарына қайшы келмеуі тиіс. Егер діни бірлестіктер ел тұтастығы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін, кері әсерін тигізетін болса, онда олардың қызметі заңмен тоқтатылады.

Жалпы, ел ынтымағы мен ниетіне ықпалы зор. Қазақстанның ересек тұрғындарының арасында 95%-ы белгілі бір дінді ұстанатындығы мәлім. Соның ішінде 90%-ы – ислам және православие діндерінің өкілі. Бұлардың барлығын діндар деп айта алмаймыз, бірақ дәстүрі мен мәдениетіне сәйкес кейбір діни рәсімдерді орындайтындары ақиқат. Себебі дін кез келген халықтың тарихы және мәдениетімен біте қайнасқан. Сондықтан мемлекеттің ішкі және сыртқы рухани келісімге, дінаралық және этносаралық келісім мен бейбіт өмірге қол жеткізу үшін маңызды.

Қазақстан сияқты 130-дан астам этнос өкілі өмір сүріп жатқан қоғам өмірінде діннің маңызы артып отыр. Дінсіз қоғам болмайды. Діннің қоғамды жақсылыққа үндеудегі, ізгілікке шақырудағы рөлін ешкім жоққа шығара алмайды. Дегенмен қазіргі таңда біздің ұлттық салт-санамыз санадан берік орын алуы қамтамасыз етілуі тиіс. Мұның барлығы сайып келгенде зайырлы мемлекеттегі діннің орнын белгілеуде өте маңызды.

Дін қоғамды сауықтыруда, адами қарым-қатынастарды реттеуде, бейбітшілікке үндеуде, отбасылық құндылықтарды нығайтуда және басқа да мәселелерде негізгі идеологиялық құралдардың бірегейі. Сондықтан әрбір мемлекет өзінің дінмен қарым-қатынас орнатудың тиімді моделін құруға мүдделілік танытады. Мәселен, бірқатар мемлекеттер өздерінің қоғамында берік орныққан дәстүрлі дінінің мәртебесін конституцияларында атап көрсеткен.

Осы орайда ҚР Конституциясының 1-бабы, 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамтұтастығына нұқсан келтіретін діни бірлестіктерге мемлекет тарапынан тоқтам салу зайырлылық қағидаттарының бұзылғанын білдірмейді. Жұртшылық мұның ішкі мәнін ел қауіпсіздігі мен татулығын сақтау мәселелерімен қатыстыра отырып саралағаны жөн.

Қорыта айтқанда, халқының көпшілігі мұсылман болғандықтан ислам әлемнің бір бөлігі болып саналатын, құқықтық және зайырлылық тұрғысынан жетілген, өзінің мақсатын айқындаған еліміз үшін зайырлылық қағидаттарына заман сұранысына сай ақылмен жүгіну керектігін бүгінде халқымыз дұрыс түсініп, баса назарда ұстаған абзал.

***Ш.ДОСАНБАЕВА,***
***«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің басшысының м.у.а.***

# Алтынның сыныбы, асылдың тұяғы



С.Қожанов атындағы Созақ аудандық тарихи - өлкетану музейінде С.Қожановтың жиен қарындасы, Қазақстан мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері, танымал қаламгер Гүлсара Қабылановамен, «Қазақ радиосының" ардагері, журналист А.Ысқақовамен кездесу өтті. Кездесуге мектеп кітапханашылары, Н.Төреқұлов атындағы IT лицей-мектебінің оқушылары қатысты. Жиынды музей директоры Н.Дүйсенбек ашып, музей тарихы, С.Қожановтың ғұмыр жолы жайлы әңгімелеп, қонақтарды таныстырды. Г.Қабыланова "Қос шынар" атты жаңа кітабын таныстырып, өзінің С.Қожановпен туыстығы, Қожановтың отбасы, әйелі, балалары жайлы әңгімеледі. Жасөспірімдердің сұрақтарына жауап берді, С.Қожановтың қазақ елі, Орта Азия Республикалары үшін жасаған ұшан-теңіз еңбегі, ағартушы-публицистикалық, ғылыми жұмыстары жайлы тың деректер келтірді. Еркін түрде жүргізілген сұхбат–кеште А.Ысқақова тыңдаушысына ой саларлық тақырыптар қозғап, жасөспірімдерге қазіргі журналистика, адамгершілік қағидалары, қоғамдағы қарым-қатынас, рухани тәрбие жайлы әңгіме жүргізді.

-С.Қожановтай даңқты жерлесіміздің қайраткерлік ерен еңбегі-баға жетпес асыл мұра. Оны танытып, жас ұрпақтың санасына сіңіріп, ұлт мақтанышы тұрғысынан насихаттау – баршамыздың парызымыз,-деді қаламгер М.Қарғабай өз кезегінде сөз алғанда. Кеш сонында қонақтар жастармен естелік суретке түсіп, музей залдарын аралады.

***«Созақ үні»-ақпарат.***

# Суицид соңғы жол емес

Еліміздегі аты жаман аурудың бірі суицид яғни өз өміріне зиян келтіріп, қастандық жасау болып тұр. Әсіресе бұл жас жеткіншектер яғни мектеп оқушылары арасында жиі болуда. Кеше ғана Нұрсұлтан қаласында болған мектеп оқушысының жасаған қателігі бұған дәлел. Еліміздің болашағы саналатын жастардың мұндай оқыс әрекеттерге баруы расында алаңдатарлық жағдай. Статистикалық мәліметтерге үңілсеңіз адам жаны түршігеді. Әлемде жылына 1 миллион адам өзіне-өзі қол жұмсайды екен. Өкініштісі, әлем бойынша Қазақстан суицид статистикасында үшінші, ал Орта Азияда алғашқы орында тұруы бізді қатты қынжылтып отыр. суицид жасау туралы ой пайда болады деген қорытындыға келген. Мұның барлығы отбасындағы тәрбие, ата-ана мен бала арасындағы қарым қатынастың төмендігінен болып жатқандығы белгілі. Сондай-ақ діни танымтүсінігінің таяздығынан да болуы мүмкін. Себебі, өмір – Алланың бізге тапсырған аманаты. Ал, шариғатымыздағы үкіміне келсек, Ислам дінінде жазықсыз адамды өлтіру немесе өзін-өзі өлімге қию – Алланың ашуы мен аса ауыр азабына себеп болатын ауыр күнә. Алла Елшісі (с.а.с) хадистерінің бірінде: «Кімде-кім өзін-өзі қандай да бір темірмен өлтірсе, жаһаннамда қолына темір алып, мәңгі бақи өзін-өзі түйреумен болады. Ал, кім өзін таудан тастап өлтірсе, жаһаннамда өзін мәңгі отқа лақтырып тұрады», – деп ескерткен.

Аталған дерттің елімізде дендеп кетуіне не себеп? Аты жаман аурудан қоғамды қалай құтқарамыз? Бұдан шығудың жолы қайсы, қандай да бір белгілері бар ма? Міне, осы сауалдар жауап беріп көрсек. Ең әуелі өткен жылдың статистикалық мәліметтерін көзбен сүзіп өтсек.

Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше, былтыр еліміздің 3805 азаматы суицид құрбаны болды. Олардың басым бөлігі – Алматы, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарының тұрғындары. Өз-өзіне қол жұмсағандардың 3 мыңы – ер адам. Ең сорақысы, Қазақстан әлем елдері арасында 5-14 жас аралығындағы балалардың өз-өзіне қол жұмсау көрсеткіші бойынша тоғызыншы, 15-29 жас аралығындағы азаматтардың «өліммен ойнау» көрсеткішінде төртінші орында тұр. 2020 жылы 144 бала өз-өзіне қол жұмсаған. Былтыр 15-29 жас аралығындағы 887 азамат өздеріне қол жұмсапты. Жасөспірімдер мен жастар арасындағы суицид негізінен Түркістан, Алматы, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарында тіркеледі екен.

«Отбасындағы, мектептегі және достар арасындағы қатынастармен байланысты процестер кейде жасөспірімдердің психикалық жағдайына теріс әсер етеді. Жасөспірімдер өлгісі келгендіктен емес, проблемамен қалай өмір сүруді білмейтіндіктен,

Былтыр тамыз конференциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидке алаңдаушылық білдіріп: «Бұл–бәріміз үшін қасірет. «Балалар неге ондай қадамға барады?» деген сұраққа барлығымыз жауап іздеуіміз керек. Өмірлік нақты нұсқамаларды қалыптастыру – айналып келгенде тәрбие беру процесі сапасының түпкі талабы болуға тиіс», – деді. Осының ізін іле-шала баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасын қабылданды. Тағдыр атты түйткілді мәселеде өмірде түрлі қиындыққа тап болып жатамыз. Мәулана Руми есімді сопы ғалымның мына бір сөзі мақаламызға тұздық болсын: «Адамның киізді сабалаудағы мақсаты тоқпақтап ұру емес, шаңын шығарып тазалау. Ал Алланың адамды қиындықпен сынаудағы мақсаты бойындағы жаман мінез-құлығынан арылту» деген екен.

***Қ.ҚОСМАХАНОВ,***
***Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.***

# «Бір тал кессең, он тал ек»



«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» демекші, көктем мезгілі келе саласымен ауланы тазалау, ағаш отырғызу жұмыстары қызу басталып кетті. Мектеп ауласын көгалдандыруға атсалысқан мектептің биылғы мектеп бітіруші түлектері жапжасыл шырша ағаштарын отырғызды. Жас өскін шыршалар кіре берісқе кәдімгідей көрік беріп тұр. Осындай жақсы іске мұрындық болған түлектерге алғысым шексіз. Аулымыздың әрбір тұрғыны осылай кем дегенде бір ағаштан отырғызса, ауылымыз жасыл желекке айналар еді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. А.Сүлейменов мектебінде көгалдандыру жұмысы бұнымен тоқтамады. Мектеп ауласына неше алуан гүлдер, раушан гүлінің бірнеше сорттары егілді. Жинақы, мұнтаздай мектеп ауласы ұзақтан көз тартады.

Құрметті ауылдастар! «Бір жағадан бас, бір жеңінен қол шығарып», ауылымызды көгалдануға белсене кіріссек, ауылымыздың көркейіп, өсіп-өркендеуіне қосқан үлкен үлесіміз, қажырлы еңбегіміз болмай ма?! Сондықтан да ауылымызды көркейтуге бірге әрекет жасайық!

***Берден ХАМЗА,***
***А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің 11-сынып оқушысы.***

# Күн қашан да қалады күн қалпында!

## Қаяу салған қазақ қызы көңілге

*Кеше ғана туылдың да жыладың,*
*Жанған болып өмірдегі шырағың.*
*Ессіз болып іңгәлдің дым білмей,*
*Табылған боп өмірдегі тұрағың.*

*Өсе келе өзгересің байқалып,*
*Раушан гүлдей жапырағың жайқалып.*
*Кімнен, қайдан шыққаныңды ұмытып,*
*Ата-анаңа жатырсың сөз қайтарып.*

*Көше кезіп құлағыңда құлаққап,*
*Барамысың жамандыққа тұрақтап.*
*Біреу сені өсектеп жүр біреуге,*
*Біреу сені тұр ғой әне құшақтап.*

*Жүзіңдегі сұлулыққа мәз болып,*
*Жүремісің біреулерге жаз болып.*
*Бір сәт қана өміріңді құртуда,*
*Жатырма әлде ол да саған аз болып?!*

*Міне, осындай жағдайлар бар өмірде,*
*Қазақ қызы қаяу салдың көңілге.*
*Мен айтамын, айтамын да жылаймын,*
*Дәл осылай болғаны үшін өңімде.*

* * *

## Өзгердік пе біз?!

*Бала кезде жүруші едік ес білмей,*
*Естеліктер әлі тұр ғой ескірмей.*
*Үзінділер әлі есімде қызықты,*
*Уақыт жүйрік өте шықты-ау дес бермей.*

*Таңды атқызып сағымменен мың жүзіп,*
*Жалғамайды ортамызды бір үзік*
*Ойлап тұрсам сол күндердің барлығы*
*Ұмытылмас шақтарым ғой бір қызық.*

*Арман қылдық өсерміз деп біз жылдам,*
*Болашаққа жоспар құрып ұмтылған.*
*Таңданыса қарайлаймын балалық,*
*Қарайтындай көрінеді бір қырдан.*

*Ес білмедік доп қуып, дала кезіп,*
*Бала жүрек қалады бәрін сезіп*
*Қазір де сол балалық жүрек шығар,*
*Көкірегімде атқақтап тұрған тесіп.*

*Арман болса егерде - ырыс, бақыт...*
*Арман болса егерде - ырыс, бақыт,*
*Оңай емес күн кешу тыныш жатып!*
*Кейде өмірде кетеді базбіреулер,*
*Гүл ұстатқан қолыңа мұң ұстатып!*

*Алған кезде алқымдап жылдар сынға,*
*Бірді мысқа теңейді ел, бірді алтынға!*
*Мың адам кеп айқайлап Ай десе де,*
*Күн қашан да қалады Күн қалпында!*

*Жетпіс жерден жеп-ішсін көздер мейлі,*
*Нағыз мықты бәріне төзген дейді!*
*Қараңғыда қара деп шулағанмен,*
*Қардың түсі ешқашан өзгермейді!*

*Өмір талай сәттерді оздырады,*
*Өр тұлғаның өз шыңы-өз мұнары!*
*Қарға десе аққуды аққу емес,*
*Ажырата алмаған көз кінәлі!*

*Сарғаймассың болса егер жаның көктем,*
*Көктем мәңгі от берер жалын леппен!*
*Ел не дейді екен деп әдетім жоқ,*
*Алла көріп тұрған соң бәрін көктен!*

* * *

## М.Мақатаевқа арнау

*Ақиығым,*
*Алтынның сынығындай,*
*Бақ қып берген қазаққа сені Құдай!*
*Мұқағали майданын білмегендер,*
*Қазақпын деп айтпасын бұдан былай.*

*Сезім кетпей,*
*Жатса егер кіл жаныңнан,*
*Ақтарыла алмай жатсаң сырларыңнан,*
*Табасың тыныштығын жан - дүниеңнің,*
*Мұқағали қалдырған жырларынан!*

*Мұзбалағым,*
*Жолдарыңда бұлғақтап сырғанадым,*
*Шынайы пәк сезім бе қалағаның?*
*Тағдырың айырса да қырмызыңнан,*
*Байқатпадың көз жасың құрғағанын.*



Талапты да талантты, болашағы мол Ерасыл інімізді А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі базасында өткен Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығына арналған байқауда өнері арқылы таныдым. Сол байқауда табан астында өлең шығарып бас жүлдені иеленді. Мен қазылар алқасының қатардағы мүшесі ретінде Ерасылдың шығармасына өз бағамды берген едім. Енді бүгін талантты жас ақынның тұсауын кескелі отырмыз. Ерасыл Нұрлыбекұлы 2005 жылы 7 сәуірде Бабата ауылында туылған. Атасы Пернебай мен әжесі Маржанкүл зейнеткер адамдар. Әкесі Нұрлыбек электромонтер болып жұмыс жасаса, анасы Ақлима мектеп мұғалімі. Ерасыл мектептің іс-шараларына белсене қатысып, аудандық, облыстық ақындар сайысында жетістіктерге жетіп жүрген жас талап. Мектепте өзін-өзі басқару ұйымының президенті және үздік оқушы. Көптеген жетістіктері бар. Соның ішінде "Мен дарынды баламын" атты облыстық мәнерлеп оқу сайысының 1-орын, "Тілге құрмет-елге құрмет" атты халықаралық байқауының 2-орын, Мұқағали Мақатаев окуларының 1-орын, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы оқуларының бас жүлде иегері. Біз бүгін қалың көзі қарақты оқырманға мектеп оқушысы Ерасыл iнiмiздiң бір топ өлеңдері арқылы тұсауын кесіп, сүйіншілеп жолдап отырмыз. Талабыңа нұр жауып, шабытың шарықтай берсін!

***Мақсат ҚАРҒАБАЙ,***
***Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.***



*Тұғырлысың,*
*Ақындар пір тұтатын,*
*Хақым да жоқ мен сені ұмытатын.*
*Заманыңда қалсаң да бағаланбай,*
*Бар қазір тарихымда алтын атың!*

* * *

## Ақын да бір бала ғой Айға ұмтылған

*Мақтанасың қолдағыңмен баршаға,*
*Қарайтын көп сау мүшеңе тамсана.*
*Ойланбайсың басқа жайлы әуелден,*
*Мүшесі кем мүгедектер қаншама.*

*"Селфи" дейсің, "естелікке алам" деп,*
*"Мен осылай көтеріліп барам" деп.*
*Сұлу келбет құтқарғанмен әлемді,*
*Ойландың ба "дәл осылай қалам" деп.*

*Ақыл айтып кеттің кейде "қара" деп,*
*"Өмір жолың жақсылықтан ада" деп.*
*Иықтағы періштемдей сөйлейсің,*
*Көрсең бәрін алдыма кел, сана кеп.*

*Өз ісіңмен мақтанасың, сөйлейсің,*
*Дұрыс айтса бет бұрмайсың, көнбейсің.*
*Сөз бастарда өзіңді қой орныма,*
*Тіпті сен де не істеріңді білмейсің.*

*Тәкаппарлық сенің жауың, көрмейсің,*
*Сол жайында сөз қозғайсың, жөндейсің.*
*Біреу жайлы айтпай тұрып әуелі*
*Өз күйіңді, өз жайыңды білгейсің,*
*Ақын да бір бала ғой Айға ұмтылған.*

*Адамдар ақын болса жаратылған,*
*Ақын да бір бала ғой дара туған.*
*Өмірден көрсе күйік, жаны өлік,*
*Айырылған қыран сынды қанатынан.*

*Ал жүрсе қанат жайып еркіндікте,*
*Бар іске қойылады мүмкін нүкте.*
*"Тілі ащы, сайрағанда шақ келмес" - деп,*
*Азғырар адамдарды тектен - текке.*

*Ақыннан зиян да жоқ, зая да жоқ,*
*Ауызына түскенді шайнаған жоқ.*
*Ақында білім де бар, білік те бар,*
*Айтпадым бұл сөздерді аяған боп.*

*Білсеңдер жүрегі бар пәк сәбидің,*
*Ақыл да бар айтатын бір қаридың.*
*Ақынды шектетесің сыртқа теуіп,*
*Ақынға жетеді ғой бір әлдиің.*

*Ақын да бір бала ғой Айға ұмтылған,*
*Жұлқынып шу асаудай жер тарпыған.*
*Ақында қасиет бар тым ерекше,*
*Аса сөйлеп кетпейтін өз халқынан.*

* * *

## Қасиетті тіл

*Бұл өмірде адам болса қаншалық,*
*Түрлісі бар сөйлеуші тіл соншалық.*
*Ауыр айтар, қауып айтар сөздерден,*
*Жатасың ғой кісі алдында ақталып.*

*Қасиетті тілден саған не пайда,*
*Ана тілін біле алмасаң нақтылап.*
*Бұрынғыдай қазақ қайда, ел қайда?*
*Көкейімді теседі көп сол сұрақ.*

*Қадіріне жетпей жатып тіліңің,*
*Жастайыңнан мылқау болып бүліндің.*
*Қасиетті тілге зиян келтіріп,*
*Жүрмей жатып аяғыңнан сүріндің.*

*Ана тілдің ұлылығын байқайық,*
*Қазақ тілін мақтанышпен айтайық.*
*Адам қайық, тілі ескек десе егер,*
*Ескегінсіз жүзіп еді қай қайық?*

***Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ.***

| Финансовые расходы | 022 | 9 | 642 | 28 |
|---|---|---|---|---|
| Прочие доходы | 024 | 2 144 576 | 2 171 576 | 51 309 |
| Прочие расходы | 025 | 2 037 332 | 2 039 074 | 2 674 200 |
| **Прибыль (убыток) до налогообложения (+/- строки с 020 по 025)** | **100** | **80 761** | **40 933** | **(3 262 071)** |
| Расходы по подоходному налогу | 101 | - | | (61 501) |
| **Прибыль (убыток) после налогообложения от продолжающейся деятельности ( строка 100 - строка 101)** | **200** | **80 761** | **40 933** | **(3 200 570)** |
| Прибыль (убыток) после налогообложения от прекращенной деятельности | 201 | | | |
| **Прибыль за год (строка 200 + строка 201) относимая на:** | **300** | **80 761** | **40 933** | **(3 200 570)** |
| собственников материнской организации | | | | |
| долю неконтролирующих собственников | | | | |
| **Прочий совокупный доход, всего (сумма 420 и 440):** | **400** | | **2 165** | - |
| Актуарные прибыли (убытки) по пенсионным обязательствам | 433 | | 2 165 | |
| **Итого прочий совокупный доход, не подлежащий реклассификации в доходы или расходы в последующие периоды (за вычетом налога на прибыль) (сумма строк с 431 по 435)** | **440** | | 2 165 | - |
| **Общий совокупный доход (строка 300 + строка 400)** | **500** | | **43 098** | **(3 200 570)** |
| **Прибыль на акцию:** | **600** | | | |

**Отчет о движении денежных средств за 2021 год** тыс. тенге

| Наименование показателей | Код стр. | План за отчетный период | За отчетный период | За предыдущий период |
|---|---|---|---|---|
| **I. Движение денежных средств от операционной деятельности** | | | | |
| **1. Поступление денежных средств, всего (сумма строк с 011 по 016)** | **010** | **714 424** | **1 094 470** | **2 306 186** |
| в том числе: | | | | |
| реализация товаров и услуг | 011 | 714 424 | 724 364 | 734 347 |
| прочая выручка | 012 | | | |
| авансы полученные от покупателей, заказчиков | 013 | 0 | 79 | 19 918 |
| поступления по договорам страхования | 014 | | | |
| полученные вознаграждения | 015 | 0 | 2 422 | 1 322 |
| прочие поступления | 016 | 0 | 367 605 | 1 550 599 |
| **2. Выбытие денежных средств, всего (сумма строк с 021 по 027)** | **020** | **708 523** | **871 620** | **699 202** |
| в том числе: | | | | |
| платежи поставщикам за товары и услуги | 021 | 345 733 | 487 715 | 305 554 |
| авансы выданные поставщикам товаров и услуг | 022 | | 853 | 41 146 |
| выплаты по оплате труда | 023 | 348 377 | 255 799 | 240 537 |
| выплата вознаграждения | 024 | | | |
| выплаты по договорам страхования | 025 | | | |
| подоходный налог и другие платежи в бюджет | 026 | 13 787 | 60 077 | 56 167 |
| прочие выплаты | 027 | 625 | 67 176 | 55 798 |
| **3. Чистая сумма денежных средств операционной деятельности (стр.010-стр.020)** | **030** | **5 901** | **222 850** | **1 606 984** |
| **II. Движение денежных средств от инвестиционной деятельности** | | | | |
| **1. Поступление денежных средств, всего (сумма строк с 041 по 052)** | **040** | **0** | **0** | **0** |
| **2. Выбытие денежных средств, всего (сумма строк с 061 по 073)** | **060** | **47 192** | **253 974** | **1 473 156** |
| в том числе: | | | | |
| приобретение основных средств | 061 | 47 192 | 20 756 | 12 500 |
| приобретение нематериальных активов | 062 | | | |
| приобретение других долгосрочных активов | 063 | 0 | 190 910 | 1 266 952 |
| прочие выплаты | 073 | 0 | 42 308 | 193 704 |
| **3. Чистая сумма денежных средств от инвестиционной деятельности (стр.040-стр.060)** | **080** | **-47 192** | **-253 974** | **-1 473 156** |
| **III. Движение денежных средств от финансовой деятельности** | | | | |
| **1. Поступление денежных средств, всего (сумма строк с 091 по 094)** | **090** | **0** | **0** | **0** |
| **2. Выбытие денежных средств, всего (сумма строк с 101 по 105)** | **100** | **0** | **0** | **0** |
| **3. Чистая сумма денежных средств от финансовой деятельности (стр.090-стр.100)** | **110** | **0** | **0** | **0** |
| **4. Влияние обменных курсов валют к тенге** | **120** | | | |
| **5. Влияние изменения балансовой стоимости денежных средств и их эквивалентов** | **130** | **0** | **3** | **-16** |
| **6. Увеличение(+)/уменьшение(-) денег (стр030+-стр080+-стр110+-стр120+-стр130)** | **140** | **-41 291** | **-31 121** | **133 812** |
| 7. Денежные средства и их эквиваленты на начало отчетного периода | 150 | 72 049 | 72 049 | 1 047 |
| 8. Денежные средства и их эквиваленты на конец отчетного периода | 160 | 30 758 | 40 928 | 134 859 |

**4. Основные финансово-экономические показатели деятельности субъектаестественной монополии за 2021 год.**

**Бухгалтерский баланс за 2021 год** тыс. тенге

| Активы | Код строки | На конец отчетного периода | На начало отчетного периода |
|---|---|---|---|
| **I. Краткосрочные активы:** | | | |
| Денежные средства и их эквиваленты | 010 | 40 928 | 72 049 |
| Финансовые активы, оцениваемые по амортизированной стоимости | 011 | 40 | 218 |
| Задолженность работников (в т.ч. ссуды) | | 40 | 218 |
| Краткосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность | 016 | 946 417 | 980 037 |
| Торговая дебиторская задолженность | | 946 417 | 980 037 |
| Запасы | 020 | 25 556 | 274 620 |
| Прочие краткосрочные активы | 022 | 6 761 | 22 183 |
| прочие краткосрочные активы | | 5 442 | 21 898 |
| налоги | | 1 319 | 285 |
| **Итого краткосрочных активов (сумма строк с 010 по 022)** | **100** | **1 019 702** | **1 349 107** |
| **Активы (или выбывающие группы), предназначенные для продажи** | **101** | | |
| **II.Долгосрочные активы** | | | |
| Основные средства | 121 | 371 058 | 372 810 |
| Нематериальные активы | 125 | 232 | 1 532 |
| Отложенные налоговые активы | 126 | | 46 179 |
| Прочие долгосрочные активы | 127 | 4 224 | 4 224 |
| Незавершенное строительство | | 4 224 | 3 124 |
| Прочие долгосрочные активы | | | 1 100 |
| **Итого долгосрочных активов (сумма строк с 110 по 127)** | **200** | **375 514** | **424 745** |
| **Баланс ( строка 100 + строка 101 + строка 200)** | | **1 395 216** | **1 773 852** |
| **III. Краткосрочные обязательства** | | | |
| Краткосрочные финансовые обязательства, оцениваемые по амортизированной стоимости | 210 | 6 501 | 15 155 |
| прочие финансовые обязательства (ранее стр.222) | | 6 501 | 15 155 |
| Краткосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность | 214 | 3 036 335 | 2 797 320 |
| Торговая кредиторская задолженность | | 3 035 363 | 2 793 454 |
| Прочая кредиторская задолженность | | 972 | 3 866 |
| Краткосрочные оценочные обязательства | 215 | 19 579 | 590 256 |
| Вознаграждения работникам | 217 | 10 355 | 25 336 |
| Прочие краткосрочные обязательства | 222 | 6 216 | 19 863 |
| прочие краткосрочные обязательства | | 276 | 1 681 |
| налоги | | 5 940 | 18 182 |
| **Итого краткосрочных обязательств (сумма строк с 210 по 217)** | **300** | **3 078 986** | **3 447 930** |
| **Обязательства выбывающих групп, предназначенных для продажи** | **301** | | |
| **IV. Долгосрочные обязательства** | | | |
| Долгосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность | 314 | **0** | **49 573** |
| Торговая кредиторская задолженность | | 0 | 49 573 |
| Вознаграждения работникам | 317 | 1 276 | 4 493 |
| **Итого долгосрочных обязательств (сумма строк с 310 по 316)** | **400** | **1 276** | **54 066** |
| **V. Капитал** | | | |
| Уставный (акционерный )капитал | 410 | 7 864 023 | 7 864 023 |
| Компоненты прочего совокупного дохода | 413 | 425 612 | 425 612 |
| Нераспределенная прибыль (непокрытый убыток) | 414 | (9 974 681) | (10 017 779) |
| **Итого капитал, относимый на собственников материнской организации (сумма строк с 410 по 414)** | **420** | **(1 685 046)** | **(1 728 144)** |
| **Доля неконтролирующих собственников** | **421** | | |
| **Всего капитал (строка 420 +/- строка 421)** | **500** | **(1 685 046)** | **(1 728 144)** |
| **Баланс (строка 300 + строка 301 + строка 400 + строка 500)** | | **1 395 216** | **1 773 852** |

**Отчет о прибылях и убытках за 2021 год** тыс. тенге

| Наименование показателей | Код строки | План | За отчетный период | За предыдущий период |
|---|---|---|---|---|
| Выручка | 010 | 637 878 | 583 980 | 1 056 603 |
| Себестоимость реализованных товаров и услуг | 011 | 573 336 | 596 991 | 1 599 047 |
| **Валовая прибыль (строка 010 - строка 011)** | **012** | **64 542** | **(13 011)** | **(542 444)** |
| Расходы по реализации | 013 | | | |
| Административные расходы | 014 | 91 098 | 80 353 | 98 245 |
| **Итого операционная прибыль (убыток) (+/- строки с 012 по 016)** | **020** | **(26 556)** | **(93 364)** | **(640 689)** |
| Финансовые доходы | 021 | 82 | 2 437 | 1 537 |

# Күш біріктіріп күрескен жөн

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму Мемлекеттің дамуына қадам басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға отыз жылдай уақыт өтті. Еліміз бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол-Президентіміздің бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

***С.СЕЙДАХМЕТОВ,***
***Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің бастығы м.у.а азаматтық қорғау лейтенанты.***

# Жарамсыз деп танылсын

**Амантай Баубек Ерланұлына** 2016 жылы М.Маметова атындағы жалпы орта мектебін бітіргендігі туралы ЖОБ 1038254 нөмерлі аттестатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

# Асқа шақыру



Шолаққорған ауылында тұрып, ғұмыр кешкен асыл азамат **Қалмырзаев Әлімжан Сұлтанұлын** ортамыздан сұм ажалдың алып кеткеніне бір жылдың жүзі болды. Ардақтымыздың жарқын жүзі жүрегімізде сақтаулы.

***Кеттің бізден Әлімжан сен мәңгілік,***
***Әр күн сайын еске аламыз сағынып.***
***Нұрлы бейнең есімізден кетпейді,***
***Жүректерде мәңгі тұрар жаңғырып***,- деп марқұмның әруағына бағыштап **24 сәуір күні кешкі сағат 20-00-де Таукент поселкесіндегі «Әділет» тойханасында жылдық асын** өткізетіндігімізді туған-туыс, ағайындардың есіне салып, құран ішінде болуға шақырамыз.

***Асқа шақырушылар: Қалмырзаевтар әулеті.***

# Безгек ауруынан сақтанайық!

Безгек- Plasmodium тұқымдасындағы қарапайымдылармен шақырылатын, трансмиссивті механизммен берілетін адам организмінде эритроциттерді зақымдап,клиникасында ұстама тәрізді қызбамен, гепатоспленомегалиямен, анемиямен өтетін антропонозды инфекция. Таратушы Anopheles тобына жататын масалар. Клиникасында ұстамалы қызба, гипохромды анемия, көкбауыр мен бауырдың өсуі болады. Бұл безгекпен ауыратын адамның қанынан безгек паразиттерін сорып алатын щыбын-шіркейлер, маса-соналар арқылы тарайды және олар басқа адамды шағып, оның қанына безгек инфекциясын түсіреді,бірнеше мәрте қайталанатын ауру түрі.Безгек ұстамасы әдетте 3 сатыдан тұрады: 1.Безгек қалтыраудан басталады және бас жиі ауырады. Науқас 15 минуттан 1 сағатқа дейін қалтырайды. 2.Қалтырау ыстықтың көтерілуіне жалғасып, ол 40 градусқа дейін және одан да жоғары көтеріледі. Адам әлсірейді, терісі қызарады, сандырақтайды. Ыстық бірнеше сағат немесе күні бойы сақталады. 3. Ақырында адам малшына терлейді және ыстық түседі. Ұстамадан кейін адам әлсірейді, бірақ өзін біршама сергек сезіне бастайды.Безгек ыстық жаңбырлы маусымдарда жиі болады. Бірақ күш-жігер жұмсап, оны болдырмауға болады. Барлық алдын алу шаралары жедел іске асырылуы тиіс. Өзіңізді шыбын-шіркей, масадан аулақ ұстаңыз. Олар жоқ жерге немесе масаханада ұйықтаңыз. Баланың бесігін маса кірмеу үшін жұқа матамен жауып қою керек. Безгектен сезіктенсеңіз жедел емдеуге кірісіңіз. Сіз емделіп, сауыққаннан кейін сізді шаққан шіркей басқаға ауруды таратпайды. Осы ауруды емдейтін органдармен, олардың өкілдері сіздің ауылыңызға келген кезде, ынтымақтасып жұмыс істеңіз. Егер сіздің отбасы мүшелерінің бірінің ыстығы көтерілсе, оларға бұл жөнінде хабарлап, айтыңыз және олардың қан алып, анализ жасауына мүмкіндік жасаңыз. Шіркейлерді және оның ұрықтарын құртыңыз. Шіркейлер лас суда тез көбейеді. Тоғандарды, шұңқырларды, лас су жиналып қалатын ескі банка немесе құтыларды тазартыңыз. Шіркейлер көбеюі мүмкін барлық су тоғандарын немесе батпақты құрғатыңыз.Құмдарды бамбук қадаларымен толтырыңыз. Безгекпен ауырып болғандар және эндемиялық ошақтардан келген адамдарға 3 ай бойы диспансерлік бақылау жүргізіледі.

***Қ.АҚҚҰЛИЕВ,***
***Созақ аудандық СЭБ басқармасының эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы.***

# Табиғи байлықтарымызды қорғайық!

Қазақстан Республикасы АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2015 жылғы 24 шілдедегі №190 «жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тиым салу салуды енгізу оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» және Түркістан облысы ПД бастығының 2022 жылғы 28 наурыздағы №109 бұйрықтарына сәйкес, 2022 жылғы 01 сәуір мен 30 мамыр аралығында облыс көлемінде «Уылдырық» алдын алу іс-шарасы өтуде.

Осыған байланысты балық уылдырық шашатын кезеңінде Созақ ауданы аумағында, Созақ АПБ-нің, Түркістан және Жамбыл облыстарының Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы мен табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Охотзоопром» инспекторлары және басқа да жергілікті табиғатты қорғау саласы бойынша уәкілетті мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен өзара бірлесіп жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу жоспарлануда.

Ауданымызда кездесетін аң-құстарды қорғау, аялау баршамыздың парызымыз. Аң-құс, судағы балықты қорғау-мемлекет назарында екенін айта кеткеніміз жөн.

Жоғарыда көрсетілген заң бұзушылық жасаған тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шара көрілетінін ескертеміз.

***Ержан АСҚАРОВ,***
***Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.***



# ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ-

## логикалық ойлау өнері

Есебі терең, болжамы нақты қазақ халқының қайбір іс-әрекетін алып қарамасақ та мал-жанының жағдайы мен жәйін терең білгендігі көрініп-ақ тұрады. Қазақ халқы барлық тіршілік түйткілдеріне тереңінен мән беріп зерттеп, екшелеп отырған. Ерте жастан балаларын еңбекқорлыққа, пайымшылдыққа тәрбиелейді. Ой жүйріктігі мен қиял жүйріктігіне яғни, логикалық ойлауға тәрбиелеген. Шетелдің зияткерлік ойындары шахмат дойбыдан қалыспайтын тоғызқұмалаққа қарап отырып осылай ой түйесің.

Тоғызқұмалақ ойынының тарихына көз жүгіртсек «Қазақ халқының ескі мұрасының бірі-Тоғызқұмалақ ойыны. Мұның қашаннан келе жатқаны жөнінде мәлімет жоқ. Тоғызқұмалақ ойыны бүкіл Орта Азияда, әсіресе қазақ пен қырғыз халықтарының арасында кең ұшырайды... Бұл ойын қазақтың барлық ойынының ішіндегі ең қиыны, ойнаған адамның миы істеп, есепшілдігі тез артып, тапқыштық жағы күшеймек» дейді көрнекті ғалым С.Аманжолұлы. Ел ішінде тоғызқұмалақ ойынын о баста қойшылар ойлап тапқан деседі. Жерді қазып, арнайы шұңқырлар жасап, құмалақтарды кептіріп, керемет ермек еткен дейді. Қалай десек те адамның логикалық ойы мен есептеуді жылдамдатуға үйрететін тамаша ойын. «Тоғызқұмалақ ойыны да шахмат, дойбы ойындары сияқты тапқырлықты мол фантазияны талап етеді. Алайда бұл ойынның есебі ерекше, өзіне ұқсас ойындарға қарағанда анағұрлым күрделірек...» дейді белгілі спорт шебері, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ туралы біршама еңбектердің авторы, сондай-ақ бірнеше фантастикалық шығармалардың авторы Талап Сұлтанбеков.

Сонымен бірге, тоғызқұмалақ ойыны мінез-құлықтың қалыптасуына да ықпалын тигізеді. ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы, спорт шебері Серікбай Тілеубаев: «Тоғызқұмалақ-шахмат, дойбы сияқты ойындары адамнан шыдамдылықты, салқынқандылықты, терең және логикалық ойлауды қажет ететін ақыл-ой спорты» -дейді.

Тоғызқұмалақ ойыны әлемнің бірнеше елдерінде насихатталуда. Көрші Қырғыз елінің мектептерінде тогуз-коргоолдан олимпиадалар ұйымдастырылады. Алтай, Закавказье елдерінде тоғызқұмалақтан үйірмелер жұмыс жасайды екен. Өзге елдің тоғызқұмалаққа назар аударып, үйренуге күш салуына қарап тоғызқұмалақ ойынының ерекшелігі мен маңыздылығын ұғынуға болады. Жалпы тоғызқұмалақ ойынының дамуы мен әлемдік деңгейдегі олимпиадалық жарыс дәрежесіне жеткізуге күш салу қажет-ақ. Әлемде Тоғызқұмалаққа ұқсас ойындар да бар екен. Мысырда калах, Моңғолияда эсон коргоол, Шри-Ланкада олинда калия, африкалықтар манкала, габата, абапа, нам-нам тағы сол сияқты тізе беруге болады. Бұл ойындардың барлығының да тоғызқұмалақтан ерекшелігі отау сандары мен құмалақ сандарында екен. Десек те қазақ халқының тоғызқұмалағының өзіндік ерекшелігі бар. Тоғызқұмалақты ойнау барысында ой жаттығуымен бірге білім ұштанып, болжағыштық, байқағыштық сезімдері де арта түседі. Қазіргі танда жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқушылардың логикалық ойлауы мен функционалдық сауаттылығын арттыру талабынан шығатын ол-тоғызқұмалақ ойыны десек қателеспейміз. Зерттеуші ғалымдар айтқанындай тоғызқұмалақ ойыны әлемдік деңгейдегі озық ойлы интеллектуалдық ойындармен қатарласып бой теңдесе алатындай логикалық ойлау өнері екені анық. Ендеше осындай құндылықтарымызды дамытуды қолға алу, жетілдіру, насихаттауды кейінге қалдырмай, бүгінгі күннің еншісінде деп іске кіріселік.

***Абдулазиз ҚОШҚАРБАЙ, С.Бақбергенов атындағы жалпы орта мектебнің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.***

# ЫНТЫМАҚТЫ КӨШЕНІҢ ЫРЫСТЫ ТҰРҒЫНДАРЫ

Аудан орталығы Шолаққорған ауылының Құрал Рүстемов атын иеленген көше тұрғындарын ауызбіршілігі мен ынтымағы жарасқан көше тұрғындары десе де болады. Көше тұрғындарының айтуынша қар көбесі сөгіліп, жылғалармен су аға бастағаннан әрбір тұрғын көше тазалығына ден қойып көріктендіру-көгалдандыру жұмыстарын қолға алыпты.

-Тазалық-денсаулық кепілі. Отбасының, бала-шағаның денсаулығы үшін, әрбір азамат үй-жайының, қора қопсысының тазалығына мән беруі тиіс. Шыбын-шіркей шықты, кене деген қауіпті жәндік тағы бар. Сондықтан үй айналасын қыстай жиналған малдың қиы, күл-қоқыстардан тазартып шығу міндеті баршамызға ортақ. Көше тұрғындары ұйымшыл. Көше ақсақалына жаскәрі демей бағынып, тыңдайды. Ораза ұстаған аудан тұрғындарына, мешіт жамағаттарына ауызашар ұйымдастырдық. Қайырлы да сауапты айда берген ас-ауқат болсын, садақа-пітір болсын, берген дұрыс деп жатады. Сол себепті осы көшенің азаматтары бастама көтеріп игілікті іске жұмылдық,-дейді Құрал Рүстемов атындағы көше комитетінің төрағасы Айтжанов Аманбай Егізбайұлы.

-Әбекең дұрыс айтады. Көше тұрғындары бір ауызды, үлкенге құрметін, кішіге ізетін білдірген қарапайым азаматтардан құралған. Бір-бірімен тату, наурыз айынан бастап наурыз көже, құдайы тамақ, жиын-тойларда біріне бірі кіріп-шығып араласып тұрады. Көше бойында біздің санағымыз бойынша 47 шаңырақ тұрады екен. Қыс бойы әрбір үйдің ауласында жиналған 20 тоннадай күл-қоқыстарды тиісті орынға апарып төгіп, ауламызға түрлі алма, қара өрік, жиде, долана, қызыл өрік, шие сияқты түрлі жеміс ағаштарының көшеттерін отырғыздық. Теміраәлі Дүйсенбеков, Таңат Рүстемов, Самат Әлішеров, Жомарт Жақсыбергенов, Ғабит Елбергенұлы, Аманбай Айтжанов, Байқадамұлы сияқты көздері ашық, көкірегі ояу, әрбір іске жаны ашып, бірлесіп бел буып, түйінді түйткілдерді оң шешуге ниетті азаматтарымызбен мақтанамыз,-дейді Жетілген Сармантаев ақсақал.

Сондай-ақ аз-кем түйткілді мәселерімізде бар. Ол көлік құралдарымен жүргеніміздe мына негізгі орталық көше-Сұлтанбек Қожанов көшесінен бұрылып өз көшемізге кіре алмай жүрміз. Бұрын «Қазақстан» автобекетінің іргесінен, одан базарға қарама қарсы көкөніс базарының түбінен көшемізге кіре беретін едік. Қазір ол жерге тұтас сызық сызып тастаған. Көше белгілері қойылмаған. Мектепке, балабақшаға баратын балаларымыздың қауіпсіздігіне алаңдаймыз,-дейді көше тұрғыны Жомарт Жақсыбергенов.

Бұл көшеде тұрып жатқанымызға бірнеше жыл болды. Біз келгендегі ынтымағы мен ауызбіршілігі қандай болса, қазір де сондай. Той томалақ болсын, түрлі жиындар болсын



апыр-топыр ұйымдасып, кірісіп кетеді. Сондықтан да болар басқа көшенің тұрғындары біздің ынтымағымызбен бірлігімізге қызыға қарайды,-дейді Теміраәлі Сатыбалдыұлы.

Жұмыс сапары кезінде, айналасы екі-үш сағат көлемінде көше тұрғындарымен жақын таныса отырып, шынында ауызбіршілігі ортаймаған көше екендігін аңғарғандай болдым.

***Мақсат ҚАРҒАБАЙ.***

Сенімгерлік басқарушы:
**"Agro-sozak" ЖШС**
**Меншік иесі-**
**"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Директор:**
**Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ**

**Бас редактор:**
**Теңізбаев Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ**
**Жауапты хатшы:**
**Мақсат Қарғабай**
**Редакция құрамы-**
Аға тілші-
**Нұржамал МАЙУСОВА**
Тілшілер-
**Данияр БЕКОВ**
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**
Дизайншы-
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**
Терімші-
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.**
Газет редакцияның компьютер орталығында терііліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.

*Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы*
**Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады Индекс 64450**
**Редакцияның мекен-жайы:** *161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97*
А-ақысы төленген

**тапсырыс №**
таралымы - **3900 дана**
**Кезекші редактор:**
М.Қарғабай.
А-